

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде "Достық" ортақ бірлескен су торабын салудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 522 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Достық» ортақ бірлескен су торабын салудағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Достық» ортақ бірлескен су торабын салудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

7

м а у с ы м д а ғ ы

№

5 2 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Достық» ортақ бірлескен су торабын салудағы ынтымақтастық туралы

Бұдан әрі бірлесіп - «Тараптар» деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

2001 жылғы 12 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар Қорғас шекаралық пунктiнен 24,5 км қашықтықта, Қорғас су пунктiнен 4,3 км төмен Қорғас өзенінде «Достық» ортақ бірлескен су торабын (бұдан әрi — бірлескен су торабы) салуды жүзеге асырады.

2. Бірлескен су торабының түйісу сызығы оның ортасынан өтетін сызық болып табылады.

3. Бірлескен су торабы тең үлеске ие Тараптар мемлекеттерінің ортақ меншігі болып табылады.

4. Бірлескен су торабын басқару және пайдалану мәселелері Тараптар арасында жасалатын жеке халықаралық шартпен реттеледі.

2-бап

1. Бірлескен су торабын салу жобасы мынадай құрылыстарды:

1) реттелген тармағын және бұрушы арналарды;

2) қашыртқы және шаю құрылғылары бар бөгеттерді;

3) кіру және шығу шлюздері бар ирелең каналдарды;

4) магистралды каналдардың бас шлюздерін;

5) автоматтандыру, электрмен жабдықтау және бақылау құралдары бар диспетчерлік пунктті;

б) әрбір Тарап мемлекеттерінің аумағындағы бірлескен су торабына ұзындығы 200 метр кірме жолдарды қамтиды.

2. Бірлескен су торабының құрамына кірмейтін қызмет көрсетуші объектілер (әрбір Тарап мемлекеттерінің аумағында электрмен жабдықталуы және коммуникациясы бар әкімшілік ғимарат) салуды әрбір Тарап дербес жүзеге асырады.

3-бап

Бірлескен су торабының құрылысын қаржыландыруды Тараптар бірлескен су торабының жалпы құнының 50 пайызы бойынша ынтымақтаса жүзеге асырады.

4-бап

Бірлескен су торабын салу кезінде Тараптар мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) бірлескен су торабының құрылысы өзен арнасының қалпы мен мемлекеттік шекара сызығының өтуін өзгертпеуге, жағалаулардың бұзылуын тудырмауға және Тараптар мемлекеттері қоршаған ортасының жағдайына кері әсерін тигізбеуге тиіс.

2) бірлескен су торабын салу Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына,

Тараптардың уәкілетті органдары бекітетін жобалау-сметалық және өзге де құжаттамаға және осындай объектілерді салу мен пайдаланудың халықаралық және ұлттық қауіпсіздік нормаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

5-бап

1. Бірлескен су торабын салуды үйлестіру мақсатында Қазақстан-Қытай Құрылыс комитеті құрылады (бұдан әрі - Комитет).

2. Комитет қазақстандық және қытайлық бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысына әрбір Тараптан уәкілетті органдар мен мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың өкілдері кіреді.

3. Әрбір Тарап өз Комитеті бөлігінің төрағасы мен төрағаның орынбасарын тағайындайды.

4. Комитет туралы ережені Комитеттің екі бөлігінің төрағалары бекітеді.

5. Комитеттің міндетіне әрбір Тарап мемлекеттерінің аумағындағы инженерлік-құрылыс жұмыстарын үйлестіру және құрылысқа байланысты Тараптардың бірлескен шешімін талап ететін ұйымдастырушылық және басқа да мәселелерді шешу кіреді.

6. Комитет өз отырыстарын әрбір Тарап мемлекеттерінің аумағында кезектесіп өткізеді. Кез келген Тараптың бастамасы бойынша Комитеттің кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

6-бап

1. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар: Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті;

Қытай тарапынан — Шыңжан өндірістік-құрылыс корпусы болып табылады.

2. Уәкілетті органның атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда, әрбір Тарап бұл туралы екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жедел хабардар етеді.

7-бап

1. Бірлескен су торабын тиімді салу мақсатында:

1) бірлескен су торабы құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын қазақстандық Тарап әзірлейді және Тараптар бірлесіп бекітеді;

2) бірлескен су торабын салуды Тараптар бірлесіп белгілейтін бірыңғай Бас мердігер жүзеге асырады.

3) Тараптардың уәкілетті органдары Бас мердігермен құрылыс салу туралы бірлескен азаматтық-құқықтық шарт жасасады.

2. Жобалау-сметалық құжаттамаға Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес бірлескен су торабын салуға арналған қажетті рұқсат ету құжаттары және/немесе лицензиялары да қоса берілуге тиіс.

8-бап

Құрылыс жұмыстарын қабылдауды әрбір Тараптың, уәкілетті органы өз мемлекетінің аумағында өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес және Тараптардың уәкілетті органдары бірлесіп бекітетін кестеге сай Комитетпен келісім бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асырады.

9-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің шекаралық органдары бірлескен су торабы құрылысының ауданында жұмыс персоналының мемлекеттік шекарадан өтуін, бірлескен су торабын салу үшін қажетті жабдықтарды, шикізатты және материалдарды оңайлатылған тәртіппен тасымалдауды қамтамасыз етеді және мемлекеттік шекара режимінің сақталуын бақылайды.

2. Бірлескен су торабын салу үшін Тараптар мемлекеттері бөлген жер учаскелері Тараптар бекіткен жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес бірлескен су торабын салу мақсаттары үшін ғана пайдаланылады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде және қолдануда туындаған барлық келіспеушіліктер консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

1. Осы Келісім Бірлескен су торабын салу кезеңіне жасалады.

2. Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2010 жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Қытай Халық Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ